

Олжабаева Зарина Чокановна

**Туристік қызметтер нарығы дамуының факторы ретіндегі
туристік кәсіпорындарда есеп пен аудитті жетілдіру
(Шығыс Қазақстан облысы үлгісінде)**

6М050800 – «Есеп және аудит»

«Есеп және аудит» мамандығы бойынша әлеуметтік білімдер
магистрі академиялық дәрежесін ізденуге арналған
магистрлік жұмыстың
авторефераты

Жұмыс Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінде орындалды

Ғылыми жетекшісі:
экономика ғылымдарының кандидаты

Мадиярова Э.С.

Ресми оппоненті:
экономика ғылымдарының кандидаты,
доцент

Демесинов Т.Ж.

Қорғау 2011 жылы «22» маусымда сағат 9-00 Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің диссертациялық кеңесінің отырысында өткізіледі.

Мекен-жайы: 070000, Өскемен қ., Серікбаев көшесі 19, ауд. Г-3-325.

Магистрлік жұмыспен Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің кітапханасында танысуға болады

Реферат 2011 жылдың «22» мамырында таратылды

Диссертациялық кеңестің
ғылыми хатшысы, экономика
ғылымдарының кандидаты

Мадиярова Э.С.

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының теңдесі жоқ табиғи және мәдени әлеуетіне негізделген қазіргі заманғы туристік индустрия туризмнің туристік қызмет көрсетулердің халықаралық саудасы жүйесіне оралымды кірігуінің табиғи жүйе жасаушы факторы, неғұрлым серпінді дамушы және өзінің капитал сыйымдылығына қарамастан, салынған капиталға қайтарымы жөнінен тиімді салалардың бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің туризм саласындағы белгілеген барынша маңызды міндеттерінің бірі - Қазақстанды орталық азиялық өңірдегі туризм орталығына айналдыру. Туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында бес жылдың ішінде халықты жұмыспен қамту үшін, сыртқы және ішкі туризм көлемінің артуы есебінен кірістің тұрақты өсімі үшін, сонымен қатар Қазақстанды 2011 жылы Ортаазиялық аймақтың туризм орталығына айналдыру үшін бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру қарастырылған.

Мемлекеттік бағдарлама республикада қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік индустрия құруға және экономиканың сабақтас секторларын дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ол туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиясын, негізгі бағыттарын, басымдықтарын, міндеттері мен іске асыру тетіктерін айқындайды және туризм инфрақұрылымын дамытуды, осы саланы мемлекеттік реттеу мен қолдаудың тиімді тетігін құрудың, туристік әлеуетті арттырудың, елдің тартымды туристік имиджін, рекреациялық шаруашылық мамандануы бар аймақтар қалыптастырудың негізгі аспектілерін қамтиды.

Әлемдік туризмнің қарқынды дамуына байланысты Қазақстанның жекелеген аймақтарына деген сұраныс өсуде. Еліміздің жеке өңірлері туризмнің қалыптасып тұрақты дамуына мүмкіндік беретін туристік-рекреациялық ресурстармен қамтамасыз етуші болып табылса, екінші жағынан туризм арқылы әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу өңірдің экономикасының өркендеуіне алғышарт жасай алатындай мүмкіндіктері бар мультипликативті нәтижеге ие болуымен ерекшеленеді. Соған қарамастан, туризмді тұрақты дамыту тетіктері біртұтас ашық жүйе ретінде қарастырылмағандықтан, осы саланың дамуын қамтамасыз ететін барлық түйінде мәселелер әлі де шешуін тапқан жоқ.

Қазіргі таңда басты мәселелердің бірі кіру және ішкі туризмін пайдаланып, бәсекеге қабілетті туристік индустрияны қалыптастыру, халықты жұмыс орындармен қамтамасыз ету, мемлекеттің және халықтың табыстарын өсіру болып саналады. Бұл мақсатқа жету үшін туризм саласында бухгалтерлік есеп пен аудиттің әдістері мен тәсілдерін қолдану қажеттілігі туып отыр. Туристік салада бухгалтерлік есеп пен аудиттің технологияларын қолдану оның бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуына, ол саланы ойдағыдай дамытуға әсерін тигізеді. Осы мәселелердің барлығын кешенді түрде шешу қажет, ал ол

көбінесе мемлекеттік қаражат пен мемлекеттік реттеуге байланысты болып отыр.

Аталған мәселелерді шешуде нарықта әрекет етуші туристік фирмалардағы есеп пен аудитті жетілдірудің маңызы өте зор.

Тақырыптың ғылыми зерттелу дәрежесі. Отандық туристік нарықтағы қазіргі уақыттағы жағдай туризм инфрақұрылымын дамыту, компаниялар қызметінде бухгалтерлік есеп пен аудит қағидалары мен әдістерін қолдану, туристік қызметтер тұтынушыларының мінез-құлқын зерттеу, олардың ерекшеліктерін анықтауды талап етеді.

Туризм дамуының теориялық және ғылыми-тәжірибелік аспектілері келесі американдық ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты: Д.Аакер, А.Г. Браймер, Л. Берри, Дж. Боуэн, Ф. Котлер, Р. Оливье, Д. Ратмел, Д. Уокер және т.б. Бұл саланы дамытуға өз еңбектерімен зор үлесін қосып келе жатқан алыс, жақын шетелдік ғалымдарға: А.А. Асанова, В.Г. Гуляев, А.М. Голубков, Е.Н. Ильина, В.А. Квартальнов, В.К. Кораблев және т.б. жатады.

Экономиканың жекелеген салаларында тәжірибеде маркетингті қолдану Ш.Р. Абдильманова, У.Б. Баймуратов, Н.В. Джангарашева, С.Р. Есімжанова, К.К. Кажымұрат, А.Ш. Нұрсеит, С.Н. Нысанбаев, К.Ә. Сағадиев, Н.Н. Хамитов сияқты отандық экономист-ғалымдардың еңбектерінде көрініс алған. Отандық экономикалық әдебиеттер ішінде туризмнің даму мәселелері: В.Н. Вуколов, Ғ.М. Дүйсен, Ж.М. Дюсембекова, С.Р. Ердаuletов, О.Б. Мазбаев, Р.Х. Раева, О.Ж. Устенова, М.Р. Смыкова, Ө.К. Шеденов сияқты ғалым-экономистердің еңбектерінде орын алған.

Сөйтсе де, қазіргі уақытта қолда бар туристік ресурстарды тиімді пайдалану, бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын басшылыққа ала отырып бәсекеге қабілетті қазақстандық туристік өнім әзірлеп нарыққа ұсыну, соның негізінде кіру туризмінің үлесін жоғарылату мәселелеріне қатысты ғылыми негізделген зерттеулер әлі де жеткіліксіз деуге болады. Осы мәселелердің толық зерттелмегендігі диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айқындады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеу жұмысының мақсаты туристік кәсіпорындарда бухгалтерлік есеп және аудиттің теориялық-әдістемелік аспектілерін зерттеу негізінде туристік қызмет көрсету нарығын дамытудың жетілдіру жолдарын анықтау болып табылады. Осы мақсатқа сәйкес келесідей міндеттер қойылды:

- туристік нарықтың нысандары, түрлері және қызметтерін талдау;
- туризм индустриясын мемлекеттік реттеу құралдарын қарастыру;
- туристік кәсіпорындарында бухгалтерлік есепті ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтау;
- Қазақстан Республикасының және Шығыс Қазақстан облысы туристік нарығының жағдайын және дамуын талдау;
- «Тропикана» ЖШС-нің қаржылық жағдайын талдау;
- туристік қызметтер нарығы дамуын жетілдірудің негізгі бағыттарына

зерттеу жүргізу;

– «Тропикана» ЖШС-дағы шығыстар есебін жетілдіру және туристік сапарлардың өзіндік құнын құрастыру;

– туризмнің тұрақты даму үлгісін қарастыру;

– Қазақстан Республикасында туризм кластерінің даму келешегін айқындау бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі. Зерттеу объектісі ретінде Қазақстан Республикасының туристік қызметтер нарығы және Шығыс Қазақстан облысында туристік қызмет көрсететін «Тропикана» ЖШС туристік фирмасы алынды.

Зерттеу пәні – Шығыс Қазақстан облысындағы туристік фирмалардың қызмет көрсету процесінде туындайтын экономикалық-ұйымдастырушылық қарым-қатынастар жиынтығы.

Диссертациялық зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың туризмдегі есеп пен аудитті жүргізу бойынша еңбектері, туризм мәселесіне қатысты заңдық актілер, нормативтік-құқықтық құжаттар қарастырылды.

Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасы статистика Агенттігінің, Шығыс Қазақстан облыстық статистика департаментінің ресми мәліметтері, «Тропикана» ЖШС-нің қаржылық есептемесі, туристік фирмалардың есептік мәліметтері ақпараттық база болып табылады.

Диссертациялық зерттеуде талдау, салыстыру, топтастыру, эксперттік, экономикалық-математикалық әдістер қолданылды.

Диссертациялық зерттеу жұмысы нәтижелерінің ғылыми жаңалығы:

– туризмнің тұрақты даму негіздері зерттеліп, «туризмнің тұрақты дамуы» ұғымына авторлық анықтама берілген;

– туристік кәсіпорындарында бухгалтерлік есепті ұйымдастыру ерекшеліктері және жетілдіру жолдары анықталған;

– туристік қызметтер нарығы дамуының жетілдіру ұсыныстары жасалған;

– Шығыс Қазақстан облысындағы туризм кластерінің даму келешегі айқындалған.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:

– «туризм тұрақты дамуы» ұғымының авторлық анықтамасы;

– «Тропикана» ЖШС-дағы шығыстар есебін жетілдіру және туристік сапарлардың өзіндік құнын құрастыру;

– туризм саласын дамытуда кластер құру қажеттілігінің және туризм кластерінің саланы жандандырудағы мүмкіншіліктерінің ғылыми негіздемесі;

– туризм саласын дамытуда кластер құрудың қажеттілігі, және соның нәтижесінде, туристік қызметтердің сапасының артатындығы және осы саланың табыстылығын көтеруге мүмкіндіктер болатындығының ғылыми негіздемесі.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы. Зерттеу жұмысында ұсынылған бухгалтерлік есеп пен аудит бойынша іс-шаралар туристік фирмалар қызметін

дамыту, облыстық туризмді жетілдіру бағдарламаларын, кластерлерді әзірлеуде қолданылуы мүмкін.

Зерттеу жұмысының сынамасы (апробациясы) және оның нәтижелерін енгізу. Магистерлік диссертацияның негізгі жағдайы студенттер, магистранттар, аспиранттар мен жас оқытушылардың Республикалық ғылыми-техникалық конференциясында (ШҚМТУ, 2011 ж. сәуір) талқыланды.


Зерттеу жұмысының талқылануы. Орындаған зерттеу нәтижелері бойынша ШҚМТУ Хабаршысында мақалалар жарияланған.

Жұмыстың құрылымы мен көлемі. Магистрлік жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Негізгі бөлім

Магистрлық жұмыстың бірінші бөлімінде туризм көптеген дамыған және дамушы елдер үшін валюталық түсімдерінің кайнар көзі болатындығы қарастырылды. Қазіргі кезде Қазақстан үшін де бұл экономика секторы маңызды мәселе болып отыр. Қазақстан Республикасында көптеген туризм түрлерін және туристік қызметтің формаларын дамыту үшін ресурстары мен мүмкіншіліктері жетерлік.

Қазақстан республикасында туристік индустрияның дамуы халықтың әлауалының деңгейінің артуының нәтижесі болып табылады және қоғам өміріне өз ықпалын тигізеді (сурет 1).



Сурет 1. Туризмнің экономикадағы ролі

Мемлекеттік инвестицияның негізгі түрлерінің ішінен келесілерді ерекшелендіріп алуға болады: пайыздық ставкалар пайдасы бойынша пайдалы заемдарды өзіне қосатын туристік жобалар инвестицияларының бағасының төмендеуі, нарық бағасынан төмен инфрақұрылым немесе жерді сату немесе жалға беру, салықтық жеңілдік, екі жақтылық салық салудан басқа елдер

арасындағы келісім шарт көмегімен қорғау, жер салығын төмендету, тікелей субсидия немесе шетел инвесторларын тарту мақсатымен инвестицияларға кепіл беру. Туризмді инвестициялау - өте тәуекелді шара, өйткені қызмет түрі экономикалық, саяси, климаттық және басқа да өзгерістерге сезімтал, олар туристтардың келуін азайтып, туризмнан түскен пайданы кемітуі мүмкін [8, б. 68]. Сондықтан мемлекет басқа экономикалық секторға қарағанда туристік секторға инвестицияларды тартуға көп күш салуы қажет. Үкімет жоғарыда айтылған, ақша бөлінген жеңілдіктер бағдарлы қолданыста және жобалар мақсатқа сәйкес болуын бақылауы қажет. Туристік өнімнің кешенді болуы экономиканың туристік секторының алдына қойған барлық мәселелерін шешуге мүмкіндігі жоқ (сурет 2).



Сурет 2. Мемлекеттің туризмнің дамуына әсері

Туристік бизнесте бухгалтерлік есепті жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексімен, 2001 жылғы 13 маусымдағы №211-ІІ Қазақстан Республикасының «ҚР туристік қызметі туралы» заңымен (2002 жылғы 22 ақпандағы №296-ІІ өзгертулерімен), Қазақстан Республикасының №234-ІІІ 2007 жылғы 28 ақпандағы «Бухгалтерлік есеп және қаржылық тұрақтылық туралы» заңымен, 2007 жылғы 23 мамырдағы Үлгілі Шоттар жоспарымен, №2 ҚЕҰС реттемеленеді.

Туристік компаниялардағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің жүйесі «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептеме туралы» Заң мен қаржылық есептеменің ұлттық стандарттары орнатқан қағидалар мен сапалы сипаттамаларға сәйкес құрылады. Қағидалардың екі тобы анықталады: негізгі

қағидалар (есептеу мен үздіксіз қызмет); ақпараттың сапалы сипаттамалары (түсініктілік, орындылық, сенімділік, салыстырымдылық).

Қазіргі уақытта туризм – экономиканың перспективалы саласының бірі болып табылады. Тарихи-мәдени ескерткіштерді, табиғи ресурстармен тең қолдануда туризм тұрғындардың жұмысбастылық деңгейін көтеруге және тауар өнімін, қызмет көрсету өнімділігін жоғарлатуға ықпал етеді. ҚР Президентінің халыққа жолдауында экономиканың шикізат секторының дамуының қажеттілігін атап өтті.

Шығыс-Қазақстан облысында туристерді қызықтыратындар бар: әдемі ландшафтар, әртүрлі климаттық зоналар, мәдени-тарихи құндылықтар, экологиялық және спорт туризмі қызметтеріне үлкен таңдау. 2008 жылы Шығыс-Қазақстан облысында 27 туристік фирмалар мен агенттіктер қалыптасты. Оның ішінде, 24 заңды тұлға, 3 жеке кәсіпкерлер. Бір жылда олар 17830 туристке қызмет көрсетті, ол 2007 жылмен салыстырғанда 230 адамға артты (1,3%-ға). Бір жылда облыс 1649 шығушы туристерді, облыстан тысқары 2622 туристті және ішкі туристердің саны 13559 адамды қабылдады. 2006 жылмен салыстырғанда туристердің өсу саны резиденттер мен бейрезиденттермен сәйкесінше 35,6% және 17,2%-ды құрады, ішкі туризмде қызмет көрсету, 4,9%-ға төмендеді. Туризмнің ағымының негізгі бөлігін ішкі туризм құрайды (кесте 1).

Кесте 1

Туристік қызмет көрсетудің көлемі

Атауы	Қызмет көрсету, мың тенге		
	барлығы	Соның ішінде	
		Заңды тұлғалар	Жеке кәсіпкерлер
Облыс бойынша	10486,8	10055,8	431,0
Өскемен қаласы	6543,8	6227,8	316,0
Семей қаласы	3843,0	3828,0	15,0
Риддер қаласы	100,0	-	100,0

Шығыс-Қазақстан облысының туристері ТМД елдеріне шығуды көздеді (95,2% (2496 адам). Шығушылар негізінен келесідей бағыттар бойынша шығады: Қытай (54,8 % алыс шетелге шыққан резидент туристер), Түркия (13,3%), Германия (10,1%), БАЭ (7,6%). Аталған елдерден басқа туристер әлемнің басқа да 27 елінен шыққан. ТМД елдеріне жылына 126 турист, Ресей Федерацияна келушілер 62,7%, Украина – 21,4% және Қырғызстан – 15,9%.

2008 жылмен салыстырғанда жеке туристер іске байланысты шығушылар саны артты. 2009 жылы келуші туристер көбіне демалыс пен қызметтік іссапармен облысқа келді.

Шығушы туристер көп жағдайда шоп-турларға шықты. Іскерлік және кәсіби мақсатпен Қытайдан келген азаматтар саны (99% осы келушілер категорияларынан), Бельгиядан және Литвадан. Туыстарына келушілер Германиядан (92,5%), Литва, Ресейден, Словениядан болды.

Демалысқа келген туристер Ресейден (73,7%), Германиядан (87%), Австралиядан (5,1%), Франциядан (4,3%) және басқа 13 елден.

Бейрезидент-туристер облыста негізінде ұшақпен, қалааралық автобустармен және құрғақ жолды көліктер. Шығушы туристер көбінесе автобустар мен әуе транспортын қалады: ішкі туристер негізінен өзінің жеке құрғақ жол көліктерімен қозғалды.

Шығыс-Қазақстан облысы бойынша саяхат пен қызмет көрсету кешені ретінде «Рахман кілті» ЖШС, «Алтай-Изумруд» ЖШС, «Эл-Тур-Восток» ЖШС мекемелерін ұсынуға болады. «Рахман кілті» ЖШС негізгі қызметі курорттық-санаториялық емдеу; тау-шаңғы кешені; белсенді турлар; балалар демалысы. «Алтай-Изумруд» ЖШС негізгі бағыты: белсенді экотурлар; студенттік тәжірибелер; «Аюда» демалыс базасы. «Эл-Тур-Восток» ЖШС – негізгі бағыты – пантоемдеу.

«Тропикана» ЖШС-нің қаржылық жағдайын талдауы бухгалтерлік баланс негізінде жүргізілді. Кәсіпорын балансының активі мен пассивінің құрылымы соңғы үш жыл ішінде онша көп өзгерген жоқ. Актив бөлімінде ең жоғары үлесті негізгі құралдар құрайды: 2008 жылы олардың үлесі 67,55 %, ал 2010 жылы – 56,07 % болған. Дебиторлық қарыздың жыл сайын қарқынды өсіп келе жатыр: 2008 жылы олардың үлесі 13,87 % құрастырған, ал 2010 жылы – 24,05 %-ға дейін өсті. Ал материалдық емес активтер, қорлар, ақша қаражаттардың бірқалыпты деңгейді ұстанатынын көруге болады. Пассив бөлімінде ең негізгі көрсеткіш – бұл капитал: оның үлесі 2008 жылы 67,42 % құрастырған, ал 2009 жылы 68,31 %-ға дейін өсуін көруге болады. Қысқа мерзімді міндеттемелердің үлесі 2008 жылмен салыстырғанда 3 %-ға жоғарылағанын, ал ұзақ мерзімді міндеттемелердің үлесі 3 %-ға төмендегенін көруге болады.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын сипаттайтын көрсеткіштері келесі суретте бейнеленген.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін талдайтын болсақ, 2008 – 2010 жылдар аралығында бұл коэффициенттер оңды да соңды да өзгерген. Олардың ішіндегі нормативке сай келетіндері: автономия коэффициенті 0,75, қарыз және меншік құралдарының коэффициенті 0,38, тұрақты актив индексі 0,77 және тағы да басқа коэффициенттер. Сонымен қатар нормативке сай емес те коэффициенттер де жоқ емес, бірақ олар көп емес.

Кәсіпорындағы бухгалтерлік есеп келесі заңнамаларға сәйкес ұйымдастырылады:

– Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру туралы: ҚР Заңы, 2007 жылдың 28 ақпаны, № 234 – III;

– № 2 Қаржылық есептіліктің Ұлттық стандарты: 21.06.2007. № 217. ҚР Қаржы Министрінің жарлығы;

– Бухгалтерлік есеп жүргізу ережелері: 22.06.2007. № 221. ҚР Қаржы Министрінің Жарлығы;

– Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспары (ҚР Қаржы министрлігінің 23.05.2007 жылдың, № 185 бұйрығы);

– Бастапқы есеп құжаттарын бекіту туралы: 21.06.2007. № 216. ҚР Қаржы Министрінің жарлығы;

– Бухгалтерлік есеп регистрлерінің нұсқаларын (формы) бекіту туралы: 21.06.2007. № 215. ҚР Қаржы Министрінің жарлығы.

Төменде «Тропикана» ЖШС-нің есеп беретін қызметкерлерімен дебиторлық берешек есебін ұйымдастыру схемасы көрсетілген (сурет 3).




Сурет 3. Қызметкерлер мен басқа тұлғалардың берешектерін ұйымдастыру

Аймақтық экономикалық саясаттың негізгі мақсаты – азаматтардың әл-ауқатының өсуіне жағдай жасау. Әл-ауқат, өз кезегінде экономикалық, әлеуметтік, экологиялық мекендеу аясының сапасына байланысты. Даму мақсаттарының мұндай кешенді түсініктерге өтуі тұрақты даму тұжырымдамасында жүзеге асырылды. Туризм дамуының ұсынылған үлгісіне сәйкес, туризмнің тұрақты дамуының басты құғынбалы мақсаты – туризмнің балансталған дамуы, яғни «бес бұрыштың» бірде-бір бұрышы басыңқы болып табылмайды, барлық бес міндет бірыңғай маңызды болады және ең бастысы үйлесімді болып келеді. Олар бір мезетте дамудың алғы шарттары да, мақсаттары да болып табылады (сурет 4).

Бүгінгі күнде тұрақты туризмнің біркелкі анықтамасы жоқ, және бұл заңдылық, себебі «тұрақты даму» түсінігінің өзі әлі де толықтай нақтыланбаған. Бар анықтамалар біршама бөлінбелі сипатта болып, бұл құбылысқа нақты және жетімді түсінік бермейді. Бар анықтамаларды талдай отырып, біз «туризмнің тұрақты дамуы», «тұрақты туризм» және «туризмдегі тұрақтылық» деген түсініктерді бөліп қарастыру керек деген қорытындыға келдік. Сондай-ақ

әдебиеттерде бұл түсініктер синонимдес болып қолданылады. Бұл анықтамалар келесі түрде болуы мүмкін.



Сурет 4. Туризмнің тұрақты дамуының үлгісі

Туризмнің тұрақты дамуы – бұл ұзақ мерзімді кезеңге бағытталған туризмнің дамуы. Бұл кезде туристік ресурстарды ұтымды қолдану мен жан-жақты серіктестік негізінде экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және мәдени даму мақсаттарын іске асыруда теңдікке қол жеткізіледі, барлық мүдделілердің (туристердің, дестинацияларды қабылдайтындар және бағыттайтындар, жергілікті халық) қызығушылықтары ескеріледі.

Тұрақты туризм – қоршаған орта ресурстарының ұтымды қолданылуы, қабылдайтын қоғамдастықтардың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне қолдау көрсету қамтамасыз етілетін туризм түрі. Мұнда ұзақ мерзімді экономикалық үрдістердің тиімділігі мен тіршілік қабілеті қамтамыз етіледі, ал туризм дамуынан түсетін қаражаттардың бір бөлігі туристік ресурстарды қалпына келтіруге және туристік қызметтер өндірісінің технологияларын жетілдіруге бағытталады.

Туризмдегі тұрақтылық – туризмнің экологиялық, әлеуметтік-мәдени және экономикалық әсерлерінің жалпы оңтайлы теңдігін, сондай-ақ келушілер мен жергілікті тұрғындардың бір-біріне оң әсерін ескереді.

Жасалынған талдаудан көретініміздей, «Тропикана» ЖШС бухгалтерлік есеп құқықтық актілер, нормативті – методикалық құжаттар және басқа да құжаттардың негізінде жүргізіледі. Бірақ кәсіпорындағы дебиторлық борыш есебін дұрыс ұйымдастыру үшін барлық стандарттар талаптарына сәйкес келу үшін есеп саясатына өзгертулер енгізу керек.


Осымен байланысты «Тропикана» ЖШС келесідей жұмыстар атқарылуы тиіс (сурет 5):

– дебиторлық борышты есепке алатын шоттарына субшоттар ашу. Мысалы, 1250 «Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» шотына екі субшот ашуға болады: 1251 «Ұлттық валютадағы қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» және 1252 «Шетел валютасындағы қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» және т.б.;

– «1 С: Кәсіпорын 8.1» бағдарламасына көшу. «1С: Кәсіпорын 8.1» бағдарламасы «1С: Кәсіпорын 7.7» бағдарламаның дамыған жүйесі болып табылады. «Қазақстанға арналған 1С: Бухгалтерия 8.1» бағдаламасы бухгалтерлік есептің шоттар жоспарынан және салық есебінің арнайы шоттар жоспарынан тұрады;

– дебиторлық борышты дұрыс есептеуге және дұрыс есепке алуға арналған ішкі бақылау жүйесін құрастыру;

– барлық баланс баптарының тексеруін жүргізіп, олардың есеп беруі ұлттық стандарттардың талаптарына сай болмау ықтималдылығын анықтау. Тексерудің нәтижелеріне сүйене отырып түзету ведомосын жасау және айналым – сальдолық ведомоске өзгертулер енгізу.



Сурет 5. «Тропикана» ЖШС-нің дебиторлық борыштың есебін жетілдіруге арналған жолдар

Жасалынған талдаудан көретініміздей, «Тропикана» ЖШС ақша қаражаттарының есебі құқықтық актілер, нормативті – методикалық құжаттар және басқа да құжаттардың негізінде жүргізіледі. «Тропикана» ЖШС ақша қаражаттарын жетілдіру мен үнемдеу үшін банктік сфераның жетістігі «Банк – клиент» жүйесін еңгізу болып табылады. Бұл жүйе арқылы төлем тапсырмалары мен банк жазбаларын кеңседен шықпай-ақ көруге болады.

«Тропикана» ЖШС-нда журналды ордерлік форма қолданылады және шаруашылық операциялардың барлығы арнайы «1С: Кәсіпорын 7.7» компьютерлік бағдарлама арқылы жүргізіледі. Сондықтан біз «1С: Кәсіпорын 7.7» бағдарламасындағы бухгалтерлік есептен «1С: Кәсіпорын 8.1» бағдарламасына көшуді ұсынамыз. «1С: Кәсіпорын 8.1» нұсқасы «1С:

Кәсіпорын 7.7» бағдарламасының дамуы болып табылады. «Қазақстанға арналған 1С: Бухгалтерия 8.1» бухгалтерлік есептің шоттар жоспарына және салық есебінің арнайы шоттар жоспарынан құрылады.

Қазақстандық кластерлік бастаманың мақсаты (жобаны жүзеге асыру 2004 жылы маусым айында басталды) - жоспарды игеру экономиканың маңызды салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қолданылады. Жоспарды игеру процесі келесідей жоба бойынша кластерлерге бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін талпыныс береді. Өйткені бұл процеске БАҚ бар болуымен байланысты басқа да қызығушы тараптар қатысады, жылдам нәтижелерді алуға бағытталған шаралар қолданылады. Ол өз кезегінде кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін артқанын көрсетеді. JAA (J.E. Austin Associates Inc.) Қазақстанға кең тәжірибеде дәлелдемеге негізделген динамикалық әдісті қолданып, мәселелерді шешуге көмектеседі.

Бұл жобаның мақсаты - Қазақстандағы кластерлердің өміршеңдігін құптау, бәсекеге қабілетті арттыру үшін индустриалды базаны жасау мақсатында 5 – 7 пилоттық кластерлерді анықтайды. Экономиканың табылмайтын секторларының бәсекелестік дамуы еңбек өнімділігін арттыруға, елдің экономикалық өсуін жеделдетуге көмектеседі. Бұл секторға кіретін кәсіпорындардың көбі: шағын және орта кәсіпорындар. Бұл кәсіпорындардың басты артықшылығы инновацияға негізделген, жылдам экономикалық өсуді арттырады. Жобаны табысты жүзеге асырудың Қазақстан үшін маңызды салдары бар, оның көбі жобаның соңына қарай белгілі болады. Мынадай нәтижелер күтіледі:

- тұрақты экономикалық өсу және одан болған кірістерді тең бөлу;
- экономикалық диверсификацияның өсуі;
- ішкі инвестицияның өсуі;
- табылмайтын өндіріс саласындағы мықты бизнес-қоғам бәсекелестікке негізделген, іскерлік климаттың нақты жақсаруы;
- тікелей шетел инвестициясымен байланысты Қазақстанды бәсекелестікке қабілетті ел ретінде тану;
- көршілес елдермен сауда байланысы.

Кластер жобасының маңыздылығы әкімшілік реттеудің тиімсіздігі, жемқорлық, сотөндірісінің тәуелсіздігі және басқа да мәселелер кластер айналасында талқаланады.

Индустрияның дамуына кластерлік көзқарасты қолдануда - максималды тәжірибелік тиімділігі бар, алдыңғы халықаралық тәжірибе енгізіледі. Бұл көзқарас өндіріс факторларының критикалық салмағын бір орынға бағыттауда және әлемдік, аймақтық нарықта дайын өнімнің бәсекеқабілеттілікке қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Қойылған мақсаттарға жету жолында даму институттары тиімді құрал болуы тиіс. Кластерды дамытуда бизнес үшін тиімді пайдалардың ішінен мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- жеткізушілермен жұмыстың тиімділігін арттыру (алдымен жергілікті);
- жаңа өнім мен технологияны жасауда инновациялық потенциалмен икемділікті арттыру;

- мамандандырылған және өндіруші адам ресурстарының қолжетімділігі және т.с.с.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, кластерлік көзқарас аймақтық экономикалық дамудың тиімді құралын ұсынады (бұл құралдарды әкімшілік, сондай-ақ аймақтағы қызығушылық топтары да қолдана алады, мысалы, бизнес ассоциациясы немесе тұтынушылар қоғамы). Бұл экономикалық дамудың көрсеткіштері бола алады:

- аймақтағы жұмысбастылықтың артуы;
- еңбекақының өсуі;
- әртүрлі деңгейдегі бюджетке шығарылымдардың өсуі және ең маңыздысы, аймақтық өндірістің тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің артуы.

"Қазақстандық кластерлік бастама" жобасын нәтижелі жүзеге асыру үшін бес негізгі компонент қажет:

- 1) іскерлік ортаны және оларға байланысты сұрақтарды, өндіріс салаларын білу;
- 2) кластер қатысушыларымен, дамуымен байланыс;
- 3) мемлекет пен бизнес арасындағы құрылымдықты арттыру шаралары;
- 4) қоғамды ақпараттандыру және берілген сұраққа деген қатынасын өзгерту;
- 5) потенциалды арттыру.


"Қазақстандық кластерлік бастама" жобасын нәтижелі жүзеге асыру үшін бес негізгі компонент қажет:

- 1) іскерлік ортаны және оларға байланысты сұрақтарды, өндіріс салаларын білу;
- 2) кластер қатысушыларымен, дамуымен байланыс;
- 3) мемлекет пен бизнес арасындағы құрылымдықты арттыру шаралары;
- 4) қоғамды ақпараттандыру және берілген сұраққа деген қатынасын өзгерту;
- 5) потенциалды арттыру.

Қазіргі таңда әлемдік нарыққа шығу үшін бір өнім мен бір сала емес, бір кәсіпорындардың жетістігі онымен байланысты басқа кәсіпорындардың жетістікке жетуіне себеп болатын, сондай-ақ нарықтағы бәсекелестікте үлкен жетістікке жетуге кедергі болатын ортақ проблемаларды шешуге бірігетін үлкен кешен қажет. Көбінесе, бұл кешен бірнеше мамандандырылған жеткізушілермен, техникалық тізбекпен байланысқан негізгі өндірушілер мен тұтынушылардан тұрады.

Кластер мүшелерінің байланысы тігінен ғана емес (жеткізуші - сатып алушы), көлденең (жалпы клиенттер, технология, делдалдар, инфрақұрылым т.с.с) болуы мүмкін. Кластерлік механизм бәсекеқабілеттілікті арттырудағы аумақтық-ұйымдық фактор бәсекелестік артықшылық үшін алғашқы қажетті негіз жасайтын өндіріс факторына қосымша қызмет атқарады. Өндіріс қаншалықты аумақтық ұйымдасқан болса да, бірінші кезекте техникамен, прогрессивті технологиямен, жоғары сапалы жұмыс күшімен жабдықталуы тиіс.

Туризм кластерлердің артықшылығы үш бағыт бойынша жүзеге асырылады: қызмет көрсетудің тиімділігі, инновация, бизнесті дамыту (сурет 6).



Сурет 6. Туризм кластерінің артықшылықты бағыттары

Серіктестік бойынша ұйымдар кластер дамуы мен құрылуында негізгі рөл атқарады (сурет 7).

«Туризм саласын дамытудың басым бағыттары мен жетілдіру тетіктері» тарауында экономикалық-математикалық әдістердің көмегімен туризм саласының болашақта дамуына болжам жасалынып, туристік қызметтерді тиімді ұйымдастыру мен туристік қызметтердің тәжірибелік нәтижелерін бағалауда туризмді кластерлеу жүйесі қарастырылды.

Туризмді дамытудың экономикалық тетіктерінің негізгі мақсаты - туристік қызметтердің бәсекелестігін арттыратын ұтымды даму үлгісін құру.

Аймақтық деңгейде туризм кластерін құрудың жобасын былай келтіруге болады.

Жалпы:

- сауда палаталары;
- кәсіби ассоциациялары;
- серіктес оқу орындарының топтары;
- жеке/мемлекеттік секторлардың біріккен қосымша кеңестері;
- бәсекеқабілеттілік бойынша кеңестер.

Кластер үшін айрықша:

- өндірістік ассоциациялар;
- мамандандырылған кәсіби ассоциациялар және қоғамдар,
- негізгі кластерлік кәсіпорындарда жұмыс істейтін бітірушілер тобы;
- кәсіпорын қатысушылардың инкубаторларының бірігуі.

Серіктестік бойынша ұйымдардың негізгі функциялары:

- кластерлерді зерттеуде бастамашыл және кластерді дамыту бағдарламасын игеруге қатысады;
- ақпарат пен технологияларды алмасуға себеп болады;
- біріккен іс-шаралар жүргізіледі;
- маркетинг өткізеді;
- кластер қатысушылары арасындағы координацияны ынталандырады;
- сапаны тексеруді жүзеге асырады;
- үкіметтік комиссиялар мен комитеттерге қатысады;
- аналогты ұйымдармен серіктес бола алады;
- қалыптастырушы іс-шаралар жүргізеді.

Кластер қатысушылары арасындағы сенім деңгейін арттыру және қарым-қатынасты арттыру

Жалпы стандартты анықтау

Жалпы көзқарастар мен позициялар бөлу және қалыптастыру


Жалпаймақтық және кластерлік шақыруларды дамыту механизмін қамтамасыз ету

Сурет 7. Туризм кластерінің дамуындағы серіктестік ұйымдары

Туризм кластерінің бәсекелік мүмкіншілігін арттыру бірнеше кезеңдерден тұрады: 1) факторлар кезеңі; 2) инвестициялау кезеңі; 3) жаңалықтар енгізу кезеңі; 4) кеңінен даму кезеңі. алғашқы үш кезеңде туризм кластерінің бәсекелік мүмкіншілігі артады.


Туристік кластердің бәсекелік (экономиканың басқа салаларымен және басқа елдердің туризмімен салыстырғанда) мүмкіншілігін арттыратын жеке өлшемдерді қарастыратын болсақ, онда туризмнің кластерлік дамуының факторлар өлшемі бойынша қазақстан туризм дамуының факторларына өте бай (сурет 8).

Бұл байлықтың туризм саласының дамуына оң және теріс әсерлері жетерлік. себебі, табиғи ресурстары төмен елдерде туризм саласының бәсекелік мүмкіншіліктері технологиялық жағынан арттырылып отырады.



Сурет 8. Шығыс Қазақстан облысында туризм кластерін құрудың үлгісі

Қазақстандағы сұраныс факторы бойынша оң өзгерістерге елдегі болып жатқан «құрылыс үрдісін» жатқызуға болады (сурет 9). Себебі, елдегі құрылыстың өсуі туризмнің инфрақұрылымын жақсартуға септігін тигізеді.



Сурет 9. Туристік кластерді дамытудың факторлық өлшемдері

Туристік қызметтер жүйесін үлгілеуде оның: қызметтер көрсетілген туристер көлемі, туристік фирмалар саны, туристік қызметтерден түскен қаржы көлемі, қонақ үйлер, тағы басқа негізгі туристік ресурстар сияқты негізгі көрсеткіштері қарастырылады.

Қорытынды

Туристік фирмалар қызметіндегі бухгалтерлік есеп пен аудитті жетілдіруге байланысты жүргізілген ғылыми зерттеулер негізінде келесідей тұжырымдар мен ұсыныстарды жасауға болады:

1. Қазақстанның туристік қызметінде кіру туризмі мен ішкі туризмнен шығу туризмі артық болып, көптеген халықаралық туристік іс-шараларға

Қазақстан белсенді қатысып, 2007-2011 жылдарға туризмді дамыту бойынша Мемлекеттік бағдарлама жасалып, республиканың туризмнің орталығына айналуы үшін барлық мүмкіндіктер мен жағдайлар жасалып отыр.

Зерттеу нәтижесінде туристердің көбінің негізгі мақсаты – рекреациялық, коммерциялық және іскерлік, хикаялық түрлерін тандау сияқты негізгі даму тенденциялары анықталды.

Талдау нәтижесі бойынша туризм түрлерінің құрылымында өзгерістер байқалды, сонымен бірге шығу және ішкі туризм көрсеткіштерінің қаржылық дағдарысқа дейінгі кезеңде өсуі, туристік фирмалардың саны және табысы да өсті. Дегенмен, Қазақстан елдегі бар барлық туристік әлеуетті қолдана алмай отыр, сондықтан басты міндеттердің бірі туризмде тартымды турөнімді қалыптастыру болып отыр.

2. «Туризмнің тұрақты дамуының» – пайда алу мақсатында туристік өнімді қалыптастыруды, баға белгілеуді, жылжытуды, өткізуді, турларды ұйымдастыруды басқарудың нарықтағы сұранысқа бейімделген, бәсекелік артықшылықтарын жоғарылатуға мүмкіндік беретін туристік қызмет әзірлеп, ұсынуға бағытталған үдеріс.

3. Жалпы Шығыс Қазақстан облысындағы туризмнің дамуын талдау қабылданып, жүргізіліп жатқан мемлекеттік, облыстық деңгейлердегі бағдарламаларға қарамастан оның басқа елдермен салыстырғанда әлі де төмен дәрежеде екендігін көрсетті. Бұл саланың облыстың туристік-рекреациялық мүмкіндіктерін ұтымды пайдалана алмай отырғандығының басты себептері: көлік мәселесі, орналастыру орындарының жеткіліксіздігі мен материалдық-техникалық төмен деңгейі, кадрлық қамтамасыз етілмеу, туристік фирмалар қызметіндегі олқылықтар, сервистің төмен болуы.

4. Туризм саласында орын алған мәселелерді шешу үшін бірқатар іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

– туризмдегі болашағы бар бағыттар бойынша пилоттық жобаларды және халықаралық сарапшылардың ұсыныстарын ескере отырып эксклюзивті бағдарларды әзірлеп іске асыру және оларды халықаралық деңгейге жылжыту қажет;

– туристік инфрақұрылымның инвестициялық жобаларын жылжытуда көмек көрсету жөніндегі әрекеттерді белсендіру.

– Спорт және туризм департаменті виртуалды туристік бағдарлар әзірлей отырып облыстағы туризм жөніндегі WEB сайт ашу;

– туризм саласында туристік рынокқа халықаралық деңгейде қыйсындастырылған бәсекеге қабілетті туристік қызметтер әзірлеп енгізу, сондай-ақ бәсекелестік ортаны құру үшін туристік қызметтерді сертификаттау және стандарттау жөніндегі шараларды іске асыру қажет.

5. Туристік қызмет көрсетумен айналысатын фирмалар қызметіне жасалған талдау нәтижесінде олардың ассортиментінде кіру, шығу, ішкі туризм бойынша әр түрлі турөнімдер қоржынымен бірге, виза және басқа да құжаттарды рәсімдеу, әуе, темір жол көлігіне билеттер сату, жеткізіп беру, туристерді өз көліктерімен тасымалдау, белсенді туризм түрлерімен айналысуда қажетті құрал-жабдықтарды жалға беру, сақтандыру, туристерді

орналастыру, брондау, аударма қызметтері және басқа да қызмет түрлері бар екендігі анықталды, Облысқа келуші туристерге экологиялық, танымдық, жағажайлық және белсенді туризм түрлері ұсынылады. Туристік фирмалар өз қызметтерін турларды сатудан түскен табыс көзі арқылы қаржыландырады, бірақ олардың көбінің қызметінің рентабелділігі 1-2 пайыздың аралығында. Туристік фирмалардың қызметін ары қарай жетілдіруге кедергі болып отырған факторларға жақсы жолдардың болмауы, туризм инфрақұрылымының жеткіліксіздігі, туризм бойынша қызмет көрсететін білікті кадрлардың аздығы жатады.

6. Жүргізілген теориялық-әдістемелік зерттеу нәтижесінде Шығыс Қазақстан облысындағы туристік өнімдерді тұтынушылардың мотивтері, мақсаттары, таңдайтын туристік өнімдері, қалаулы объектілері, ақпарат алу көздері, саяхатты таңдауда кімге тапсырыс беруді қалайтындықтары, туризмнің қандай түрін қалайтындықтары, туристік өнімді сатып алуда кедергі болатын факторлар және т.б. анықталды. Мысалы, саяхаттауға кедергі келтіретін ең басты фактор ретінде респонденттердің 36%-ы саяхаттау бағасының жоғары болуын, 18%-ы қауіпсіздік деңгейінің төмен болуын, 15% уақыттың шектеулілігін айтқан.

Зерттеудің нәтижелері бойынша туристік фирмалар үшін қандай қызметтің жоғары сұранысқа ие екендігі айғақталып, әлеуетті тұтынушылармен қарым-қатынастарды жақсарту бағыттары белгіленді. Шешім қабылдауда басшылыққа алатын ақпарат көздері анықталып, сатып алу туралы шешім қабылдау үрдісінде кімнің қандай ықпалы бар екендігі белгілі болды.

7. Облыстық турфирмалар үшін экотуризм, жағажай туризмі, туризмнің белсенді түрлерін дамытуда ішкі нарықпен қатар Ресей, Қытай, Батыс Еуропа: Германия, Австрия, Франция, Жапония, Израиль, Корея елдерінің тұтынушылары әлеуетті нарықты құрайды.

Сонымен бірге бухгалтерлік есеп пен аудит жекелеген бөлімшелер қызметіне бағдар беріп, фирманың ары қарай даму бағытын анықтайды. Маркетингтік бағдар туристік фирма командасын біріктіріп, туристік бизнес философиясының негізгі идеясы болып табылады.

Жалпы алғанда диссертациялық зерттеу нәтижесінде Қазақстандағы, соның ішінде Шығыс Қазақстан облысындағы туризм саласын ары қарай дамыту үшін маркетингтік қызметтің маңыздылығы, турфирманың бәсекелес нарықтық ортада бухгалтерлік есеп қағидалары негізінде әрекет етуі барлық мүдделі жақтардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретіндігі ғылыми тұрғыда негізделді.

Диссертация тақырыбы бойынша жарыққа шыққан жұмыстар тізімі:

1 Туристік бизнес кәсіпорындарында бухгалтерлік есепті ұйымдастыру // ҚР инновациялық дамуына – жастар шығармашылығы: Республикалық студенттік ҒТК материалдары, (22 сәуір 2011 ж). - Өскемен: ШҚМТУ, 2011. – Б. 255 – 257.

Резюме

Олжабаева Зарина Чокановна

Совершенствование учета и аудита на туристских предприятиях как фактор развития рынка туристских услуг (на примере Восточно-Казахстанской области)

Актуальность темы исследования. Туристский бизнес – одна из наиболее быстро развивающихся отраслей мирового хозяйства. Туризм является одним из факторов мировых интеграционных процессов, а туристский бизнес становится сейчас значимым сектором экономики.

Туризм является очень многогранным понятием, выполняет много функций и поэтому не поддается однозначному определению. Многочисленные современные определения туризма отражают лишь отдельные его аспекты, выполняемые целевые функции и рамки распространения. Внутренняя природа туризма двойственна: с одной стороны – это форма путешествия – передвижения в пространстве, а с другой – производство, реализация и потребление туристского продукта – вид экономической деятельности.

В современных условиях одной из проблем является совершенствование развития рынка туристских услуг, формирование конкурентноспособной индустрии туризма, обеспечение населения рабочими местами, увеличение доходности народа и государства используя входной и внутренний туристский рынок. Для достижения этой цели появилась необходимость использования методов и способов бухгалтерского учета и аудита в туристской отрасли. Использование технологий бухгалтерского учета и аудита в сфере туризма оказывает влияние на повышение его конкурентоспособности и устойчивого развития туризма.

Важность данного исследования заключается в том, что для оживления данной сферы бизнеса появилась необходимость создания кластеров в развитии туристической отрасли. Актуальность темы магистерской работы определяется также тем, что путем изучения проблем современного рынка туристских услуг выявлена необходимость совершенствования учета и аудита на туристских предприятиях.

Объект исследования – ТОО «Тропикана».

Цели и задачи исследования. Целью магистерской работы является определение путей совершенствования развития рынка туристских услуг на основе изучения теоритических-методологических аспектов бухгалтерского учета и аудита на туристских предприятиях. Для осуществления этой цели в диссертации решаются следующие задачи:

- анализ форм, видов и функции туристского рынка;
- рассмотрение инструментов государственного регулирования индустрии туризма;
- определение особенностей организации бухгалтерского учета на туристских предприятиях;

- анализ развития и состояния туристского рынка Республики Казахстан и Восточно-Казахстанской области;
- анализ финансового состояния ТОО «Тропикана»;
- проведение анализа основных направлений совершенствования развития рынка туристских услуг;
- совершенствование учета затрат и формирование себестоимости туристической поездки в ТОО «Тропикана»;
- рассмотрение модели устойчивого развития туризма;
- выводы и предложения по определению перспектив развития туристского кластера в Республике Казахстан.

Методология и методы исследования. Методология исследования базируется на выработанных экономической наукой представлениях о необходимости совершенствования учета и аудита на туристских предприятиях, сущности туризма, его функциях и перспектив развития. В процессе над магистерской работы были использованы методы финансового, экономическо-математического, сравнительного, статистического анализа.

Информационной базой исследования послужили труды отечественных и иностранных ученых по ведению учета и аудита в туризме, официальные данные Агентства статистики Республики Казахстан, департамента статистики Восточно-Казахстанской области, финансовая отчетность ТОО «Тропикана», отчетные материалы туристских фирм по Восточно-Казахстанской области. В работе широко использованы законодательные и нормативно-правовые акты Республики Казахстан касательно туризма (Национальные программы, Законы, Указы Президента Республики Казахстан, Постановления Правительства Республики Казахстан).

Научная новизна исследования:

- путем изучения основ устойчивого развития туризма дано авторское определение понятия «устойчивое развитие туризма»;
- определены особенности и пути совершенствования организации бухгалтерского учета на туристских предприятиях;
- сделаны выводы по совершенствованию развития рынка туристских услуг;
- определены перспективы развития туристского кластера в Восточно-Казахстанской области.

Основные положения, выносимые на защиту:

- авторское определение понятия «устойчивое развитие туризма»;
- совершенствование учета затрат и формирование себестоимости туристической поездки в ТОО «Тропикана»;
- необходимость создания кластеров в развитии туристической отрасли, и на основе этого увеличение качества туристских услуг и научное обоснование появления возможностей повышения доходности туристской отрасли.

Научно-практическая значимость исследования: заключается в использовании развития функций туристских фирм, программ совершенствования областного туризма, подготовке туристских кластеров по мероприятиям по бухгалтерскому учету и аудиту.

Summary

Zarina Ch.Olzhabaeva

The perfection of accounting and audit on the touristic enterprises as the factor of the market development of the touristic service activities (in terms of the East Kazakhstan region)

Relevance of the research topic. The tourism business is one of the rapid growing industries in the world economy. International tourism is one of three major export industries. Tourism is a factor in the processes of world integration, and the tourism business is becoming now a significant sector of economy.

Tourism is very many-sided concept, carries out many functions and consequently doesn't give in to unequivocal definition. Numerous modern definitions of tourism reflect its only separate aspects, carried out criterion functions and distribution frameworks. The internal nature of tourism is dual: on the one hand is a form of travel – movement in space, and with another – manufacture, realization and tourist's product consumption – economic activities kind.

Presently the basic problem is perfection of development of the market of tourist services, formation of the competitive industry of tourism, maintenance of the population with workplaces, increase in profitableness of the people and the state using the entrance and internal tourist market. For achievement of this purpose there was a necessity of use of methods and ways of accounting and audit for tourist branch. Use of technologies of accounting and audit in tourism sphere influences increase of its competitiveness and a tourism sustainable development.

Importance of the given research consists that for revival of the given sphere of business there was a necessity of creation кластеров in development of tourist branch.

The theme urgency of master works is defined also by that by studying of problems of the modern market of tourist services necessity of perfection of the account and audit at the tourist enterprises is revealed.

The aims and objectives of the study – the purpose of master works is definition of ways of perfection of development of the market of tourist services on the basis of studying of теоритических-methodological aspects of accounting and audit at the tourist enterprises. For realization of this purpose in the dissertation following problems are solved:

- The analysis of forms, kinds and function of the tourist market;
- Consideration of tools of state regulation of the industry of tourism;
- Definition of features of the organization of accounting at the tourist enterprises;
- The analysis of development and a condition of the tourist market of Republic Kazakhstan and the East Kazakhstan area;
- The analysis of a financial condition of Open Company «Tropicana».

- Carrying out of the analysis of the basic directions of perfection of development of the market of tourist services;
- Perfection of the account of expenses and formation of the cost price of a tourist trip to Open Company «Tropicana».
- Consideration of model of a sustainable development of tourism;
- Conclusions and offers by definition of prospects of development tourist cluster in Republic Kazakhstan.

Methodology and research methods.

The research methodology is based on the representations developed by an economic science about necessity of perfection of the account and audit at the tourist enterprises, essence of tourism, its functions and development prospects. All these positions are united by methodology of the systemic-functional approach to research of a question on necessity of development of the market of tourist services. In process over master works have been used methods of the financial, ekonomicheskoy-mathematical, comparative, statistical analysis.

The information base studies served on account and audit conducting works of domestic and foreign scientists have served in tourism, the official given Agencies of statistics of Republic Kazakhstan, department of statistics of the East Kazakhstan area, the financial reporting of Open Company «Tropicana», accounting materials of tourist firms on the East Kazakhstan area. In work are widely used legislative and regulatory legal acts of Republic Kazakhstan concerning tourism (National programs, Laws, Decrees of the President of Republic Kazakhstan, the Republic Kazakhstan Governmental order).

Scientific newness of the study:

- author's definition is made of concept «a tourism sustainable development» by studying of bases of a sustainable development of tourism;
- features and ways of perfection of the organization of accounting at the tourist enterprises are defined;
- conclusions on perfection of development of the tourist market services are drawn;
- prospects of development tourist clusters in the East Kazakhstan area are defined.

The main provisions for the defense:

- author's definition of concept «a tourism sustainable development»;
- perfection of the account of expenses and formation of the cost price of a tourist trip to Open Company «Tropicana»;
- necessity of creation clusters in development of tourist branch and a scientific substantiation of possibilities tourist кластера in revival of the given branch;
- necessity of creation clusters in development of tourist branch, and on the basis of it increase in quality of tourist services and a scientific substantiation of occurrence of possibilities of increase of profitableness of tourist branch.

Scientific and practical significance of the study: consists in use of development of functions of tourist firms, programs of perfection of regional tourism, preparation tourist cluster on actions for accounting and audit.